

ақпандағы N 227 "Жол саласын реформалау мәселелері" туралы қаулысына
с ә й к е с Б Ұ Й Ы Р А М Ы Н :

1. "Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің 1999 жылғы 30 желтоқсандағы N 715 V991058_ "2000 жылға арналған Бірыңғай бюджеттік сыныптамасын бекіту туралы" бұйрығына мынадай өзгерістер мен толықтырулар е н г і з і л с і н :

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасының Бірыңғай бюджеттік сыныптамасына :

бюджет шығыстарының функционалдық сыныптамасы:

"3.5 Жеке тұлға, қоғам және мемлекет қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі қызмет" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"3.5.251 Жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын атқарушы ішкі істер о р г а н ы

3.5.251.33 Терроризм мен экстремизм көріністерінің алдын алу және тию ж ө н і н д е г і ш а р а л а р " ;

"4.9.263.40.30 Әдістемелік кабинеттер" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен толықтырылсын:

"4.9.263.51 Дамуында проблемасы бар балаларды оңалту және әлеуметтік б е й і м д е у " ;

"5.9.254.44 Дәрі-дәрмек және медициналық жабдықтарды орталықтандырылған сатып алу" деген жол мынадай редакцияда жазылсын:

"5.9.254.44 Дәрі-дәрмек, медициналық жабдықтар және санитарлық көліктерді орталықтандырылған сатып алу";

"12.1.215.34.12 Автомобиль жолдарының жұмыс істеуін қамтамасыз ету" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолдармен толықтырылсын:

"12.1.215.34.30 Автомобиль жолдары мемлекеттік мекемелері

12.1.215.34.31 "Инжиниринг" автомобиль жолдарының ақпарат орталығы" мемлекеттік мекемесі " ;

"12.1.215.34.31 Оңтүстік Қазақстан облысындағы Қызыләскер-Киров автомобиль жолын салу" деген жолдан кейін мынадай мазмұндағы жолмен т о л ы қ т ы р ы л с ы н :

"12.1.215.36.32 Орал қаласы ауданында Орал өзені арқылы көпір құрылысы".

2. Осы бұйрық қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Министр